Екібастұз қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың барлық маршруттары үшін бірыңғай тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 234/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 сәуірде № 7264 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 328/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 07.04.2025 № 328/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабы 2, 5-тармақтарына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Екібастұз қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың барлық маршруттары үшін бірыңғай тарифі бір сапарға 80 (сексен) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 1 ақпандағы "Екібастұз қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау бірыңғай тарифін белгілеу туралы" № 83/2 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5867 болып тіркелген, 2018 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі *А. Кантарбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Екібастұз қалалық

мәслихатының хатшысы *Б. Куспеков*

2021 жылғы 16 наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК